

Арқалықтың келешегіне деген сенім зор

Өткен сенбі күні Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Даниал Ахметов арнайы жұмыс сапарымен Арқалық қаласында болып, шағын шаһардың бүгінгі тыныс-тіршілігімен танысты.

Жұмағали АРҒЫНБАЕВ,
“Егемен Қазақстан”.

Қостанай облысының оңтүстік-шығыс бөлігінде жатқан Торғай өңірі әлі күнге дейін көптеген қиындықтардың құрсауынан шыға алмай келе жатқандығы рас. Кезінде Торғай облысының орталығы болған Арқалық қаласы 1997 жылы облыс тарап кеткеннен кейін тым қиын жағдайда қалды. Шағын шаһардың жөне оған қарасты көптеген шаруашылықтардың күні бірте-бірте төмендей берді. Ақырында ұзақ жылдар бойы салынып, өсін-өркендеп тұрған қала адам аярлық халге түсті. Жұмыссыз қалып, табыс көзінен айырылып, не істерін білмей қынжылған жұрт өдемі үйлерін, жайлы пәтерлерін тастап, өзге жерлерге көшіп кете бастады.

Бір кезде қалаға қарасты аумақта 75 000 адам тұрған болса, бүгінде содан 42 469 адам қалып отыр. Яғни, тұрғындардың жартысына жуығы басқа өңірлерге, көңілдері ауған жаққа көшіп кеткен. Осының өзі-ақ Арқалықтың қандай күйге ұшырағандығын анық байқатса керек. Дегенмен, кейінгі жылдары облыс, қала басшыларының тарапынан қолданылып келе жатқан шаралардың, жергілікті тұрғындардың қажырлы еңбегінің арқасында Арқалық қаласы қайтадан жандана бастады. Жұрттың өзге жерлерге көшіп кету қарқыны саябырлады. Бірақ, әлі де болса қат-қабат қиындықтардың орын алып отырғандығы шындық. Оның бірі тиісті жешімдер қабылдауды, іс-әрекет жасауды қажет етеді. Жақында ғана Премьер-Министр Даниал Ахметовтің төрағалық етуімен Үкіметте өткен кеңесте Арқалық қаласының экономикалық, әлеуметтік жағдайын жақсартуға түсу үшін пәрменді іс-шаралар қолдану керектігі жөнінде арнайы мәселе қаралған болатын. Үкімет басшысының бірден Арқалыққа келіп, ат басын тіреуінің үлкен мәні бар екендігі сөзсіз.

Сонау бір заманда тірлік қызу қайнап жататын өзежайдың маңы бүгінде жым-жырт. Өзежайдың әбден берекесі кетіпті. Есік, терезелері сынған, алқам-салқам. Ұшу алаңы бос тұр. Ұшақ атаулы көзге түспейді. Қалаға қарай бастайтын жолдың екі жағында терезелері үңірейіп, бос қалған үйлер, ғимараттар көзге түседі. Бұл қалада тіпті жетінші және тоғызыншы шағын аудандардың тұтас күйінде қанырап бос қалғандығы рас. Үкімет басшысы “Жасұлан” балалар мен жасөспірімдер орталығына келді. Бұл жерде түрлі клубтар, үйірмелер, студиялар, спорт секциялары, бассейн, жаттығу залдары жұмыс істейді. Мектеп оқушыларының сабақтан тыс уақыттарын тиімді өткізуге барлық жағдай жасалған. 4316 бала осында үзбей келіп жүр. Оларға тәжірибелі педагогтар тәлім-тәрбие береді, танымал жаттықтырушылар спорт түрлеріне баулиды. Кейбір балалардың, жеткіншектердің бойында кездесін қалатын теріс әдеттерге, жағымсыз мінез-құллыққа қарсы күресте бұл орталықтың пайдасы зор.

Облыс орталығынан 550 шақырым қашықтықта жатқан

қалада медицина мекемелерінің қалыпты, жақсы жағдайда жұмыс істеуі үшін тиісті қамқорлықтардың жасалып келе жатқандығын білетінбіз. Осындағы қалалық аурухана Амангелді, Жангелдин аудандарының тұрғындарына да медициналық қызмет көрсетеді. Алайда, 34 жылдан бері күрделі жөндеу жасалмаған аурухананың іші едәуір жүдеп тұр екен. Емдеу-сауықтыру мекемесінің ғимараты қазіргі заманғы талаптарға сай келтіру үшін 300 миллион теңге көлемінде қаржы керектігі есептеп шығарылыпты. Бұл мәселе жайлы Даниал Кенжетайұлына облыс әкімі Сергей Кулагиннің өзі айтып берді. Премьер-Министр мұндай проблеманың шешілетіндігін айтып, медицина қызметкерлерінің, жұрттың көңілін бір сергітті.

Қала тірлігінің сөл де болса жақсара түсуіне байланысты мектеп жасына дейінгі тәрбие ошақтарына деген сұраныс та бірте-бірте артып келеді. Бұл проблеманы шешудің нақты амалдары қолданылуда. Қайтадан балалардың игілігіне берілген “Ақбота” балабақшасында барлығы бес топ жұмыс істейді. Соның үшеуі бүлдіршіндерге қазақ тілінде, екеуі орыс тілінде тәлім-тәрбие береді. Бөбектер қазақ, орыс тілдерінде және басқа да тілдерде жақсы өн сала білетіндігін көрсетті. Балабақшаның үлгі алатын жақтары баршылық екен.

Халықтың тұрақтануына байланысты қалада тұрғын үйге деген сұраныс та пайда бола бастаған. Қанырап бос тұрған үйлерді, ғимараттарды, кезінде құрылысы аяқталмай қалған нысандарды көдеге жарату жағына көңіл бөлінуде. Биылғы жылдың басында ғана құрылысы толық аяқталған 40 пәтерлік үй пайдалануға берілді. Даниал Ахметов жана баспанаға ие болған Кәки Ақан қартқа сөлем беріп, пәтерге көрімдік ретінде жақсы бір теледидарды сыйға тартты. Осы үйдің жанында 48 пәтерлік тағы да бір үй салынып жатыр екен.

Қала үйлеріне жылу, су, электр



куатын беруде “Арқалық жылу-энергетика компаниясы” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны мінсіз жұмыс атқарауда. Үкімет басшысы осы кәсіпорынға арнайы ат басын бұрып, оның бүгінгі уақытта атқарып жатқан шаруасымен танысып, орын алып отырған проблемаларына назар аударды.

Заманның ең бір ауырлап тұрған тұсында Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогика институтында оқитын студенттердің саны күрт кемін, біраз қиындықтар қылаң берген болатын. Қазіргі уақытта бұл оқу орнының жағдайы сөл де болса жақсара түскендігі байқалады. Бүгінде мұндағы күндізгі бөлімде 621, сырттайғы бөлімде 1948, барлығы 2569 студент оқып жүр. Бұл білім ордасы баяғыдан бері-ақ педагог кадрларды даярлаудағы тыңғылықты жұмыстармен елге танылған. Институт жиырмаға тарта жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасап, өзінің жұмыс тәжірибесін үздіксіз жетілдіре түсуде. Оқу орнының түлектеріне деген сұраныс күшті. Қазіргі шақта Торғай өңірінде және сол өңірмен іргелес жатқан Ақмола, Қарағанды облыстарының көптеген аудандарында жоғары білімді педагог кадрлардың жетпей жатқандығы белгілі. Сондықтан студенттерді оқыту үшін бөлінетін гранттар мен несиелердің санын көбейте түскен жөн.

Институт басшылығы тарапынан осындай мәселелер көтеріліп отыр.

Оқу ғимаратының ішінде жергілікті жерде өндірілетін өнім түрлерінің көрмесі ұйымдастырылыпты. Мысалы, “Алюминқұрылыс” ЖШС шығарған құрылыс материалдары, “Арқалық нан зауыты” кәсіпорнының түрлі өнімдері, “Қалалық сүт зауыты” ашық акционерлік қоғамының айран, май, қаймақ секілді тағамдары сапалылығымен ерекшеленеді. Осы жерге Абай атындағы №6 қазақ орта мектебінің өкеліп қойған шағын киіз үйі және оның ішінде жабдықталу жағы адамның назарын аудартпай қоймайды. Жәдігерлердің түрі соншалықты көп екен. Мектеп директоры Орал Дәулетова білім ошағында қол өнерін дамытуда, балаларға жан-жақты білім беру бағыттарында атқарылып жатқан жұмыстар жайлы Даниал Кенжетайұлына өңгімелеп берді.

Оқу ордасының кең залында салалар мен жүйелердің басшыларымен, орта және шағын бизнес, зиялы қауым өкілдерімен өткізілген кездесуге жұрт көп жиналды. Мінберге көтерілген Үкімет басшысы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының ел өмірінде алатын мән-маңызы, бағалы құжаттың алға қойып отырған талаптарын жүзеге асыру жолында қолға алынып отырған жұмыстар, алда тұрған келелі міндеттер жайлы баяндап берді. Сонымен қатар ол Арқалық қаласын және оған қарасты елді мекендерді көтеру бағытында қолданылатын кейбір іс-шаралар туралы да айтып өтті. Астанадан Премьер-Министрмен бірге келген Парламент Мәжілісінің депутаты Кенжеғали Сағадиев Арқалық қаласын, жалпы Торғай өңірін түлету мәселесін кешенді өрі жүйелі түрде қолға алу керек екендігін айтып, аталы сөзге көптің назарын аударды.

Жұртпен кездесуден кейін Даниал Ахметов бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қойған сауалдарына жауап беріп, Арқалық қаласын өркендетуге қатысты өзінің кейбір ой-тұжырымдарын білдірді. Көптеген мәселені әлі де зерттей түсу керек екендігі айтылды.

Біз Премьер-Министрдің Арқалыққа сапары көптеген игі істерге кең жол ашатындығын аңғардық.

Қостанай облысы.

Біз осы қалада тұрып жатқан бірнеше адаммен сөйлесіп, қазіргі тұрмыс-тіршілік жайлы ойларын білгенімізде, олар былай деді:

Несіп ЕРМАНОВ,
зейнеткер:

— Мен бұл қалада отыз жылдан бері тұрып жатырмын. Арқалықтың өрлеген кезі де, кері кеткен тұсы да көз алдымда. Кейінгі үш жылдың көлемінде қала қайтадан жақсара бастады. Бұл орайда қаланың бұрынғы әкімі Жомарт Түбекбаевтың сіңірген еңбегі үлкен. Жана әкіміміз Жанат Наметовке де үлкен сенім артып отырмыз. Түнде көшелерде жарық жанып тұратын болды. Қоғамдық тәртіп нығая бастады. Ертеңгі күнге деген сеніміміз мол.

Гүля ТОПАЕВА, көп балалы ана:

— Біз бұл шаһарға Жангелдин ауданынан көшіп келген болатынбыз. Жолымыз болып, жайлы пәтерге қолымыз жетті. Жұбайым Қуанышбай Қазымбеков қаладағы бір мектепте қазақ тілі мен өдебиетінен сабақ береді. Бес баламыз бар. Үш баламыз студент. Екі баламыз мектепте оқиды. Өзім үй шаруасындамын. Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу жағына келгенде отбасына тиісті жеңілдіктерді пайдаланудамыз. Жоғары жатқан қаланың жағдайына жете назар аударыла бастағандығын естіп-біліп, соған қуанып жатырмыз.

Макпал ҚАЛДЫБАЕВА, Ыбырай Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогика институтының студенті:

— Мен осы қалаға қарасты Целинный ауылынанмын. Бүгінде тарих-экономика факультетінің екінші курсында оқып жүрмін. Арқалықтың жағдайы бірте-бірте түзеліп келеді. Жана үйлер, құрылыстар салынып, көшелер көгалдандырылуда. Соңғы жылдары мәдени-көпшілік шаралар жиі өткізілуде. “Дарын” атты жастар ұйымы ашылып, өнер түрлеріне бейім мол қыз-жігіттердің өз қарым-қаблеттерін шындауына мол мүмкіндіктер беруде. Мен жанымға жақын қалада оқып жатқандығымды мақтан етемін.